

ті, отаншылдықты сезіну, таза сүйіспеншілікті жырлайтын шығармаларды аударуға бейім болғанын аңғарту.

Қорыта келгенде, А.Байтұрсынов – ағартушы, ғалым, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде қандай ірі тұлға болса, ақындық өнерде де қайталанбас орны бар, туған әдебиетімізде тұтас бір дәуірде бейнелейтінт кесек бітімді дарын иесі. Өз өмірін туған халқының бостандығы мен бақыты жолындағы күреске түгелдей бағыштаған азамат ақын бойындағы табиғи талантын ең алдымен осы жолда қару етіп пайдаланды.

Мысалдың арқауы – хикая, көздейтін нысанасы – соның ішіндегі мәні, ал қолданылатын қаруы – әжуа мен мысқал. Ахмет те пайымды практикалық рухты дарыту үшін мысалдың мазмұнын Крыловтан алады дв, уытты қаруды өз халқының даналығынан, ана тілінің ішкі

мүмкіндігінен іздестіреді. Ол өз таңдаушысының ұзын ырғалы қиссаға дағдыланған құлағына бейімдеп, әр хикаясын тәптіштеп, егжей-тегжейлі баяндау машығын ұсынды.

Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, айтушысы Крылов болғанда, жеткізушісі Байтұрсынов болғандықтан да «Қырық мысал», «Маса» сияқты жинақтардағы аудармалар қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындай сінді.

1. А.Байтұрсынов. “Ақ жол” Өлеңдер мен тәржімелер публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. Алматы, “Жалын” 1991. 340-425 б.

2. Әбдиманов Ө. “Қырық мысал” - төл туынды // Алматы ақшамы. - 1992. 4 наурыз.

3. Ұлттың ұлы ұстазы. (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады). Алматы – 2001. 68-82 б.

Қ. Мәдібай

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ: КӨРКЕМДІК ӨРІС

Жазу бағыты, даралық мәнер, машық тұрғысынан келгенде, Серік Асылбекұлының қадап-қадап айтар шығармашылық қыр-сыры айқын. Оның әңгіме, баяндары өмірдің сәулелі болмысын, бағзы құндылықтарды, адамның жаратылыстан дарыған артық қасиеттерін арқау етуімен, кейіпкерлерінің қарапайым күйбең әрекет-харекетінің мазмұнындағы мығым отансүйгіштік, ұлтжандылық негіздерімен ерекшеленеді. Серік Асылбекұлы – жарық дүние сұлулығына тойымсыз құштарлықпен ынтық адам атаулының жан әлеміндегі артықшылықтар мен осалдықтарды қысқа қайырымға қыруар құбылыс сыйғызып, қамтып «жеңіл жазудың» классикалық үрдісі бойына сіңген жазушы. Серік Асылбекұлы алғашқы шығармаларын жаза бастаған уақытта орайы келген, қолайлы көрген әдіс-тәсілдерін ұдайы шындап, үздіксіз негіздеп отыруымен көркемдік кеңістігін кеңітті. Нұр құйылған жарық әлем, дүние болмыстың құшағындағы адам тағдырын ұлттық құндылықтар ауқымында шығармашылыққа ұластырудың өзіндік тәсілдерін тапты.

Серік Асылбекұлының әңгіме, баяндарындағы таныс – бейтаныстардың, негізінен, арғы қазақтық дінгеі берік болып келеді.

Кейіпкер болмысын жеткізуде Серік Асылбекұлы ұғымы ұлы Жаратқан Иеге ғана аян тылсым дүниелерді билеп-төстеуге әуес емес. Оның шығармаларында қайда апарып соғары беймәлім сандалған ой болмайды.

Қазақы тірлік қайнап жатқан орта қалыптастырған ауыл адамдарының өзгеше өмір салты, күнделікті ғұмыр ағысы түзген тарихи тұғыры, әулекі ойшылдықты жақтырмайтын, шама жетпеске арамтер болмайтын, негізінен көп сөйлемейтін, сөйлесе түбін түсіріп бетке айта алатын адал, ақжүрек, аңғалдау қалпы – Серік Асылбекұлы шығармаларының үзілмеген арқауы.

Ауыл – қазақтың бітім-болмысы қалыптасқан, құт қонған, кие дарыған тарихи мекен. Ауыл - Серік Асылбекұлының таусылмайтын жүрек әні, сарқылмас шығармашылық бастауы. Жазушының «Кешігіп қайтқан тырналар» (1981), «Оттан да ыстық өмір» (1984), «Мұғалімдер күні» (1986), «Сағыныш» (1994), «Ата жұртта» (1996), «Түнгі қаланың әні» (2005) жинақтарына енген шығармаларының дені ауыл-елдің адамы туралы. Заман ыңғайы, тіршілік қамымен қала тұрғыны болып кеткен жандардың ауық-ауық ауылды аңсап жүретіні де қағыс қалмайды. Ауыл дегенде кеудесін сағыныш бұмайтын қазақ баласы кем де кем. Аға жасына

келіп қалған Серік Асылбекұлының ауыл деген де әлі күнге жан-дүниесі атой салып, жүрегі атша тулап қоя береді. Ол үшін ауыл аяулы ата-ана, балалықтың базары қалған қимасы, аса қастерлі, қасиетті Ел, Отан, Ұлт ұғымдарының құт қонған бастауы, қазақтың келер ұрпағының алтын ұясы. Иә, ауыл – қазақтың мызғымас тұғыры. Әлемдік қауымдастықтың төлтума сипатты тарихи категорияларының бірі. Қазақы болмыс, ұлтжандылық, ұлттық бітім алдымен ауылда қалыптаса бастайды.

Герольд Бельгердің «Ауыл жоғалса – қазақ та болмайды» («Нет аула – нет казаха») деген бірауыз сөзге сыйған тоқтамы – ақиқат. Ұлтымыздың ұлы мекені, ырыс ұялаған қара шаңырағы ауылдың арғы-бергі тарихтағы өзіндік бітімін, белгілі бір кезең аясындағы тыныстірлігін арқау етпеген қазақ жазушысы жоқ деуге болады. Серік Асылбекұлы да қырық жылға жуықтаған шығармалық ғұмырында айналып соғып отырып емес, айнымай ауылды жазып келеді. Серік жазған ауыл қазақ ауылының қилы замандардың, дүбіле көшкен аласапыран уақыттың қыспағынан өтіп, марқайған бір шағы.

Иә, ауыл – жазушы Серік Асылбекұлының қашанғы қымбаты, қызуын бәсеңдетпей аялап, қорғаштап келе жатқан ыстық махаббаты.

Ел адамдарының қапылысқан күнделікті күйбең тірлігін түгін қалдырмай түгендеп жазуға ол ерінбейді де, жалықпайды да. Не жайдың болсын ақ-қарасын, анығын іздеп тұратын ауыл адамының іштен шыққан бір баласы емес пе, ендеше Серік Асылбекұлы үшін ауылға айналып соғар құбылыстар ішінде ұсақ-түйек дәнеме жоқ. Ауыл адамы үшін қайнаған қызу өмірдің өзегіне тартып жатқан харекет-тірліктің бәрі де елеулі маңызды. Жазушы қаламына сол мағыналы ғұмыр кешіп жатқан тұғырлы тұлғалардың кірген-шыққаны, жүріс-тұрысы, амандық-сәлемі, ашық қабағы, жақтырмаған, жат көрген құбылысы – ештеңе қағыс қалмай, барлығы-барлығы қамтылады... Сөйтіп, кең байтақ Қазақстанның шетсіз-шексіз даласының қаға берістеу қолтығында, ежелгі Жойқын дарияның мың-сан иінінің бірінде қонақтап ғұмыр кешіп жатқан шағын бір ауылдың таңы мен түн қараңғысын, тал түсі мен – кеш құрымын тұтас қармап алып, жарық дүниенің қас-қағым сәтінен баян тауып күліп-ойнап, қуанып, мұңайып, бір толып, бір орта түсіп маңдайға жазған тағдырын кешіп жатқан адам өмірін алақандағыдай анық суреттейді. Ағайыншылық базына да қамтылады, ер жігіттің алды ашық азаматтығы да айтылады, жасы кішіге орнынды біл деген құлаққағыс та

ұмыт қалмайды. Әйел затының ауыл-үй өміріндегі артықшылығын сырт көздің сыншыл бағасымен таразылып кетіп отыру да міндет.

Шардарбектің қайта құру заманы туып жатқанымен шаруасы жоқ, әділетті белшеден басқан безбүйректігіне күйініп, ағайын іздеп, асығыс шаруамен ауданға шыққан Алданыш той үстінен түсті де, амалсыз күйіп-жанып бара жатқан дүниесі кейінге ығысты.

Ауыл-елдің онша-мұншаға асыға қоймайтын өмір ағысы қыпылықтап жүрген Алдоштың алаңын елең де қылған жоқ. Ауылда жеке бас шаруа деген ағайындық мүдденің қасында маңыз, мәнін жояды.

« - Хош, тойды өткіздік. Енді ата дәстүрі деген болады, екі-үш кісі бас қосып, құдалардың алдынан өткен ләзім. Сірә, Қүрекен, Алдош үшеуіміз барып қайтамыз, қалғандары жұмыстағы адамдар ғой, қолдары тиеді дейсің бе, түге.

Алдош – Алданыштың іші бүлк ете қалды.

- Өтеке-ау, мен де ... – деп, бұл да осы арада өз пікірін қыстырып жіберуге асығып еді. Масақбайдың үлкен ұлы жарты жолдан тыйып тастады.

- Әй, Алдош, мына Бекешжанның мені мен сенен басқа кімі бар? – деді ол бұған жылышырай білдіріп. Алдакең бұл сауалға жауап бере алмай, жапақтап төмен қарады.

- Ендеше сөзді қой, – деді Өктембай бір-ақ кесіп.

Алданыш Өктембайдан қорыққан жоқ, бірақ оның «Бекешжанның мені мен сенен басқа кімі бар» деген сөзі көкірегін иітіп-ақ жіберді».

Аяқ асты ашылып-шашылып жарқылдап кететін ақкөйлек аңқылдақтық, түкке тұрмас бірдемеге шарт етіп шыға келер ашушаңдық, аңысын аңдап қайтер екен дегендей мысық тілеу мыстандық, қойшы әйтеуір, адам баласына тән мінездің барлығынан да қазақ ауылы кенде емес. Аярлық та, аңқаулық та – бәрі де бар. Бірақ соның барлығы ауыл аясында өтіп жатқандықтан ба, жалпыадамзаттық ізгіліктер мен игіліктерге зиянын тигізбейтін әншейінгі қалыпты құбылыстардай жанға бір түрлі жақын, жат емес.

Қазақы қауымдастықтың ата заңы – Ақсақалдық салт ауылда қалды.

Алдоштың аудан шауып, ауыл кезіп бітіре алмаған шаруасына, млітса туысқаны қол ұшын беруге ыңғай танытпаған ісіне Қалнияз қария кілт тапты. «- Иә, қайдан жүрсің? – деді ақсақал сәлемдесіп болғаннан соң.

- Ауданға барып ... – деді Алданыш күмілжіп.

- Ал, хош ... бірдене бітірдің бе?

Алдекең не айтарын білмей, желкесін қасыды.

- Естіп жатырмын, - деді ақсақал енді оны көп қинай беруге аяғандай. – Шардарбектің де аяғы аспаннан салбырап түспеген болар, барып айтамын, баланың трөктрін өзіне қайтарындар деп... – Осыны айтты да әлі сынын жоғалта қоймаған биік бойлы қапсағай қара шал жөніне кете берді.

Алданыштың көзіне жас келді. Ол Қалнияз ақсақал айтса, Шардарбектің тырп ете алмасын түсінді».

Ауыл-үйдің әр шаңырағы барымен базар болып, жалпақ ғаламның бір түкпірінде тірлік кешеді. Әркімнің өз ошағының аумағындағы өз отбасындағы қызығы мен шыжығы қоса қабат бақытты-бақытсыз өмір ағысын тіршіліктің ұлы арнасына қарай тартып отырып, иландыратын, елітіп ерітіп әкететін шығарма жазу – шын шебердің ғана шаруасы. Ауылдағы қарапайым жандардың тірліктің жалт-жұлт ойнаған шуағына шомылып, қуанып жүріп күн кешу дағдысы басым өмір салты жасампаз!

Серік Асылбекұлы енді бір шығармаларында қасиет дарыған ауыл дейтін үлкен дүниенің замана желінің екпінінде біртіндеп болмысын өзгерте бастағанынан перзенттік жүрекпен қауіп етеді. Бірер жыл әскерде болып келген жігіттің («Әх, Россия!» әңгімесі) ауыл тірлігін жатсынып, өзгеріс аңсаған басбұзарлығы өзiрге әкенің – отағасының жеңісімен аяқталды. Алда ауылды әлі талай кеп күтіп тұрғанын сол әңгімені жазған тұста автор ішкі түйсікпен сезінетіндей...

Серік Асылбекұлы халықтық әңгімешілдік дәстүрді әлем әдебиетінің классикалық үрдістерімен ұштастыра жазу жолында талмай ізденіспен келе жатқандай. Жазушының тіл ұқсату тәсілдері, баяндау иірімдеріндегі ойнақылық, жанды суреттер дарыта жазу бағытындағы табысы – көзге ұрады. Ол қаламы әу бастан-ақ ширақ, шымыр, қысқа қайырмаға ыңғайлы, қызыл сөзден ада жинақылыққа бейім.

Ауыл адамының бойына сыйымды, жарасып тұратын, жанға майдай жағатын бейкүнә жеңіл қағытпа – жазушы машығындағы қолайлы бір тәсіл. «Құлан құдыққа құласа – құрбақа құлағында ойнайды» деген бар емес пе, қырсық шалған Алданыштың аяқ асты іштей өзіне өсте тең көрмей, әй қойшы деп жүрген келіншегі Үркия да ақылман бола қалғанына жыны келіп, әрі-сәрі бір күйге түсіп отырғаны еді. Әйелін менсіндікпiремейтiнiн айтқанда, жеңгесі жерден алып жерге салған.

«Қазір, шүкір Алдекең сегіз бала – жеті ұл, бір қыздың әкесі. Қартайайын деген бе, кенжелері қыз болды. Алданыш бәрінен соны жақсы көреді. Қазір ұлдан рақат көріп отырған

ешкім жоқ: ертең кетеді бәрі бет-бетіне. Қыз жат жұрттық дегенмен, елді көріп жүр, осы заманда әке-шешесін солар асырайтын болды.

Табиғат құбылыстарын кейіпкер басындағы күймен тоғыстырып отырудың дәстүрлі тәсілдеріне де жазушы қаламы тым оңтайлы.

«Қоңыртаудың басында бір түп жусан» әңгімесінде бір күн аясында ширыға түскен тіршілік драматизмі ақпанның аязды суығы араласып маңыздана түскен.

Кездесуге кешіккен жігітті тосқан жас бойжеткеннің күте-күте жабығып, жүдеу күйге түсе қалуы тез. Жазушы бұл кешіккен кездесуді, жанды жұлмалап кеткен психологиялық торығуды әдейі күздің қолайсыздау бір қара суық күнімен, айдаладағы аңғал-сеңғал қыстаумен астастырады.

«Күн ұясына қонуға таяу. Кенет көкжиекке барып тірелетін бұйра-бұйра боз шағылдардың еңсесін басқан жабағы бұлттардың оң қанаты өртке шалынғандай алаулап қызара бастады да, артынша бірте-бірте сиыр тандайланып жалпая берді. Ажары сәттен сәтке солғын тартқан күн ондық шамның пілтесіндей қызарып барып, ұясына үзіліп түсті.»

Күннің ұясына қонақтауын физик физика зандарымен астастырып көреді, лирик оған сұлулық дарытып қарайды дегендей жаны сүйген жігітті ғана іздеп тұрған, алып-үшқан жас көңіл үшін қазіргі сәтте дүние сұлулықтан ада. Жазушы ишарасы иланымды.

Көркем дүниеде деталь деген бір мықты бар емес пе. Серік сол детальға мығым. Бір детальға қыруар жайды айғақтатып ала қояды. «Алданыш – Айдош – Алдекең» әңгімесінде талай детальға талай жүк артады.

Баяндауға сурет дарытып жазудың классикалық үрдісін қолайлылау көретін Серік Асылбекұлының ауыл адамы арқау болған шығармаларында жазық кеңістік, дарқан тірліктің жарық нұрын көз алдына алып келіп, сезінтіп, елітіп, елпідетіп ерітіп әкететін өзіндік бір күш бар. Әне, қой жайып жүрген кейіпкер ермек іздеп шойын жол жағалап бара жатыр. Ауылдың тағы бір тұрғыны әділет іздеп, осы жұрттың маңдайына біткен жалғыз автобуста мойны қылқиып аудан кетті. Оқушы солардың жетегінде. Ауыл-үйдегі әлеуметтік ахуалдың жайын мына бір деталь бойына сыйғызып алған. Жатаған үйлі ауылдың да айы оңынан туып тұрған адамдары болады. Бұл әңгімеде ауылдың «артық туғаны» - ферма меңгерушісі Шардарбек. Ойында дәнөңе жоқ тісін шұқып, күншуақтап тұрған Алданыштың көзіне, құдай бір жамандықты сездірген-ау, ферма меңгерушісінің «төңірегiне мойнын соза қараған еңселі, қос шатырлы үйі»

түсе кетеді. Иә, аты озып тұрған пенденің ұйжайы да астам.

Ол өзінің көпшілік шығармаларында бала жанының ересектер өмірінің қатқыл, күрделі ақиқатымен бетпе-бет келіп, бой үйрете бастаған есею жолын, баршаның бастан кешпей қалмайтын күйін өмір өзегінен суыртпақтап отырып нанымды суреттеуге бейім қаламын танытты.

Серік Асылбекұлының көпшілік туындысы жас адамның албырт бір кезеңі, айлы түн, көгілдір ымырттағы алғашқы махаббат аңсарымен алып-ұшудан жүйрік жүрегі тынбай салған ғашықтық әнге бөгіп тұрады.

«Мектеп бітіру кеші», «Үлкен қаладағы кішкентай оқиға», «Сарықыз», «Кездесу», «Қарашадағы үйлену тойы», «Түнгі қаланың әні», т.б. әңгімелерінде бозбала жігіт, бойжеткен қыздардың асық көңілі, аяулы сезімі тұнып тұр.

Серік Асылбекұлы от басынан бастау алатын ұлы ұғымдардың ұлт тәрбиесінің негізгі тетіктерінің бірі, ұйытқысы – ерлі-зайыпты адамдардың табиғи арақатынасын баяндауға да жүйрік. Жазушы туындыларындағы тұнып тұрған лиризмге бөккен тіршілік әні негізінен отбасылық үндестік, үйлесім, бірін-бірі қабағынан таныған дәстүрлі қазақы ерлі-зайыптық ғұрыптың мазмұнымен астасып барып қана өрісін табады.

* * *

В статье рассматриваются вопросы художественности в прозе писателя Серика Асылбекұлы.

* * *

This article explores issues of fiction in prose writer Serik Asylbekuly.

Б. Б. Мансұров

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ПАЙҒАМБАР ХАДИСТЕРІНІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Халқымыздың ұзақ замандар бойы тырнақтап жиып, шаң жуытпай сақтап, атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасының бірі – мақал мен мәтел. Мақал мен мәтел жай сөз емес, ол – сөз атасы, сөз көркі тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қысқа болса да, нұсқа сөз. Ауызекі тілде болсын, жазу тілінде болсын дәл мақал-мәтелдей сөзге сараң, мазмұнға бай ешбір шығарма жоқ. Халқымыздың асқан даналық, таң қаларлықтай шешендік қасиеттерін өз бойына мақал мен мәтел жан-жақты жинап сақтаған. Сан ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан осынау қарапайым қазына сол халықтың бүкіл болмысын, өмір жолын паш ететін елдің ескерткіші болумен қастерлі.

Қазақ халқы, басқа халықтар секілді, жазушызу өнері болмаған кездің өзінде-ақ ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерін тудырып, солар арқылы тұрмыс-тіршілігінің әр алуан жақтарын суреттеген; қоғамдық өмірін, дүниеге көзқарасын, таптық күресін, арман-мүддесін, т.б. бейнелеп көрсеткен. Осы негізде туған және ауыз әдебиетінің күрделі бір түрі деп халықтың мақал-мәтелдерін айтамыз [1/78].

Мақал мен мәтел халыққа несімен қымбат? Әрине, саф алтындай асылдығы, мірдің оғындай өткірлігі, ықшамдығы, дау тудырмас даналығы, өнеге үйреткіш тәлімділігі, қиып түсер қылыш-

тай уыттылығы мен тапқырлығы үшін қадірлі. Мақал-мәтел бір дәуірдің ғана жемісі емес. Олар халықтың өткенімен тығыз байланыста болады. Мақал-мәтел ішкі мазмұны, мағынасы жағынан әрбір дәуірдегі түрлі тарихи оқиғаларды, халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін бейнелейді. Сондықтан да, мақал-мәтелдер ұлттық сипаттағы тақырып, мағына жағынан бай келеді. Қазақ мақал-мәтелдері саны тұрғысынан да, сапалығы тұрғысынан да аса жоғары, өте көркем. Бір сөзбен айтқанда мақалдар мен мәтелдер – ескірмейтін тарихи тағылым. Мәдени, әдеби, имандылық, тәрбиелік маңызы зор, өміршең поэтикалық жанр.

Халық аз сөзге көп мағына сыйдыра отырып, өзінің өмірінде көргендерін, бастан кешіргендерін, алған тәжірибелерін мақалдар арқылы айтып отырған. Бұл жағынан алғанда, көптеген мақалдар ақыл-өсиет, нақыл сөз есебінде қызмет атқарады. Қай мақалды алсақ та, оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады, мақал соларға берілген даналық қорытынды, тұжырымды түйін болып отырады.

Қазақ халқы өзіндік ділі, құндылықтары терең, рухани мұрасы бай халық. Тарихқа үнілер болсақ, Ислам діні қазақ жеріне VIII ғасырда ене бастады. Яғни Орта Азияға Ислам өркениетімен бірге мәдениеті де кең тарала бастады. Соның нәтижесінде қазақ халқының мәдениетін,